# Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 14 қазандағы N 1259 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 қазандағы N 1082 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ертіс-Қарағанды каналын санитарлық қорғау режимі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 14 қазандағы N 1259 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) тақырыбындағы, кіріспедегі және 1-тармақтағы "Ертіс-Қарағанды каналын" деген сөздер "Қаныш Сәтпаев атындағы каналды" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Ертіс-Қарағанды каналын санитарлық қорғау режимі туралы ережеде:

тақырыбындағы және бүкіл мәтін бойынша "Ертіс Қарағанды каналын" деген сөздер "Қаныш Сәтпаев атындағы каналды" деген сөздермен ауыстырылсын;

бүкіл мәтін бойынша "мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаумен", " Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау", "Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауға", "Ертіс-Қарағанды каналын пайдалану жөніндегі кәсіпорынмен", "Ертіс-Қарағанды каналын пайдалану жөніндегі кәсіпорын", "Ертіс-Қарағанды каналын пайдалану жөніндегі кәсіпорны", "Ертіс Қарағанды каналын пайдалану жөніндегі кәсіпорынға" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетімен (бұдан әрі - Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті), "Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті", " Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетіне", "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің "Қаныш Сәтпаев атындағы канал" республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен (бұдан әрі - "Қаныш Сәтпаев атындағы канал" кәсіпорны)", "Қаныш Сәтпаев атындағы канал" кәсіпорны"; "Қаныш Сәтпаев атындағы канал" кәсіпорнына" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақтың а) тармақшасындағы, 10-тармақтың а) және б) тармақшаларындағы, 11 -тармақтың г) тармақшасындағы "бассейндік су шаруашылық бірлестіктерімен, экология және биоресурстар басқармаларымен", "бассейндік су шаруашылығы бірлестіктерімен, экология және биоресурстар басқармаларымен" деген сөздер " бассейндік су шаруашылық басқармаларымен, қоршаған ортаны қорғау аумақтық басқармаларымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақтың е) тармақшасындағы, 17-тармақтың ж) тармақшасындағы "Қазақстан

Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитет органдарымен", "Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің органдары" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің аумақтық органдарымен", "Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі мен оның аумақтық органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

13, 14, 15-тармақтардағы және 17-тармақтың а) мен г) тармақшаларындағы "Экология және биоресурстар министрлігі", "Экология және биоресурстар министрлігінің" деген сөздер "Қоршаған ортаны қорғау министрлігі", "Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

14-тармақтағы "Балық аулауды қадағалау жөніндегі бассейндік инспекцияларға" деген сөздер "аймақтық балық инспекцияларына" деген сөздермен ауыстырылсын;

15-тармақтағы "Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитетінің аумақтық органдарына" деген сөздер "Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің аумақтық органдарына" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК